

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жуматаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 16.01.45

<https://orcid.org/0000-0002-3015-0515><https://doi.org/10.48081/AMOU1769>***Б. Б. Динаева¹, Г. Ж. Убайдуллаева², И. У. Сагиндинов³**¹ Astana IT University,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

^{2,3} Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

БІЛІМДАР ҰРПАҚТЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІН ДАМУЫ ТӘСІЛДЕРІ

Ғылыми мақалада қазіргі білімдар ұрпақтың құзыреттілік моделін дамыту тәсілдері жан-жақты қарастырылады. Білім беру жүйесін жетілдіру үшін қажетті құзыреттіліктер нақты беріледі. Авторлар білімді меңгеру нәтижесін бағалау керектігін атап көрсетіп, нәтиженің қорытындысы қанағаттанарлық болмаса, білім беру мазмұнына немесе мұғалім әрекетіне қайта оралу керектігін нақтылайды. Республикамыздағы Әдістемелік орталықтар арқылы тұлғаның сипатына жүргізілген сауалнама қорытындысы негізінде білімдар ұрпақтың бойынан табылуы керек құзыреттерді толыққанды сипаттап береді. Білім алушылардың білімін, машық, дағды, қабілеттерін дамытып, олардың қажетті құзыретке ие болуы үшін әр құзырет, машықты қандай пән, мазмұн, іс-әрекет арқылы қалыптастыратынын анықтаған. Мақала авторлары білім сапасын арттыру үшін бастауыш мектеп пен орта мектепті аяқтаған түлектің нақтыланған тұлғалық сапалары мен бағалау критерийлерін модельге түсіріп талдаған. Берілген ғылыми мақалада авторлар қазіргі білім сапасын жақсарту үшін орта мектепті бітірген түлектің нақтыланған тұлғалық сапасы мен білімін бағалау критерийлерін модельге түсіріп талдайды. Зерттеу жұмысының Қазақстандағы педагогикалық квалиметрия мәселелеріне арнауы оның ғылыми маңыздылығын, орта мектеп түлегінің құзыреттілік моделін бағалау өлшемшарттарын анықтауға арнауы практикалық маңыздылығын аңдатады.

Кілтті сөздер: білімдар ұрнақ, тұлға, құзырет, құзыреттілік моделі, білім мазмұны, білім сапасы, бағалау, әлеуметтік тапсырыс, бастауыш мектеп моделі, орта мектеп моделі.

Кіріспе

Қазіргі білім жүйесіндегі құзыреттілік білім алушының пән мен тақырыпты жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі болғандықтан, құзыретті тұлға қалыптастыру міндеті өзекті мәселеге айналып отыр. Білім берудегі құзыреттілік оқыту сапасын, яғни білімнің нәтижесін көрсетеді. «Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын білім беру жүйесіне енгізу білім берудің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін өзгертуді нақтылауды талап етеді. Бүгінгі «білім сапасы» категориясының мазмұнын квалиметриялық тұрғыда бағалауда «құзыреттілік» ұғымы ерекше орын алады. Ғалымдардың пікірінше құзыреттілік тек білімді емес, сонымен қатар біліктілік пен тұлғаның түрлі саладан хабардар болуын сипаттайды, яғни құзыреттілік «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдардан тұрады. Десе де, құзыреттілік бұл ұғымдардың жиынтығы ғана емес, педагогтердің шығармашылық тәжірибесі мен құндылықтарының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілікке негізделген тәсіл бірінші кезекте білім алушының ақпараттан хабардарлығын емес, оның орнына дүниені тануда, адамдармен қарым-қатынаста, кәсіби өмірде, жеке өзін-өзі тануда туындайтын мәселелерді шешу қабілетін алға қояды.

Латын тілінен аударғанда «құзыреттілік» адамның жақсы білетін, білімі мен тәжірибесі бар мәселелердің жиынтығын білдіреді. Педагогика ғылымдарының докторы Герман Селевконың айтуынша, құзыреттілік – тұлғаның мақсат қойып, оған жетуі үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді ұйымдастыруға дайындығы. Ішкі ресурстарға білім, білік, дағды, құзыреттілік (қызмет тәсілдері), психологиялық ерекшеліктер, құндылықтар және т.б. жатады [1, 29]. Оқу іс-әрекетінің нәтижесі құзыреттілікке негізделген көзқарас тұрғысынан шешуші негізгі құзыреттілікті қалыптастырудан тұрады. Негізгі құзыреттер деп өзінің сипаты мен құзыреттің қолданылу дәрежесі бойынша неғұрлым әмбебап құзыреттер аталады. Негізгі құзыреттер – тұлғаның түрлі тапсырманы орындау қабілеті. Олар әрбір оқу пәні аясында қалыптасады. Қазіргі әдістеме бойынша заманауи мұғалім әртүрлі негізгі құзыреттерді қалыптастыру үшін жұмыс істейді. Білім алушылардың құзыреттілігін дамыту мәселелеріне ресейлік көптеген зерттеушінің жұмыстары арналған [2; 3; 4; 5; 6; 7; 8]

Қазіргі білім беру жүйесінде мағыналық құндылық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреті сияқты жеті негізгі білім беру құзыреттілігі бар. Аталған

құзыреттіліктерді тұлғаның сапасын дамыту тұжырымдамасы аясында қарастырып, педагогикалық квалиметрия тұрғысынан бағалай аламыз. Ол туралы «Бақылау мен талқылау» бөлімінде тарқатып айтамыз.

Зерттеу материалы және әдістері

Білім алушылардың білімін, машық, дағды және қабілеттерін дамытып, олардың құзыретке ие болуы үшін қажетті қызметті лайықты ұйымдастыру мақсатымен әр құзырет, машықты қандай пән, мазмұн (мазмұнның көлемі), іс-әрекет (тәрбиелік іс-әрекет) арқылы қалыптастыратынымызды анықтадық. Оқушылардың білім беру бағдарламасынан алған білімін, машықтары мен дағдыларын бағалау (өлшеу және сипаттау) арқылы әр тұлғаның бойында қалыптасқан құндылықтары мен қарым-қатынастардың көлемін анықтаймыз. Бағалау кешенді және толық болуы үшін құзыреттілікті қалыптастырушы барлық элементті (білімі, машығы, дағдысы, пәндердің мазмұны) ескеруіміз керек. Осы ретте құзыреттерді қалыптастырушы элементтерге жіктейміз және сол элементтерді өлшеу немесе сипаттау жолымен жинақталған көрсеткіштерді қайта топтау арқылы тұлғаны бағалаймыз. Жіктеудің мақсаты – әр элементті өлшенетін немесе сипатталатын түрге жеткізу. Өлшеу немесе сипаттау үшін әлеуметтану мен статистика саласында кеңінен қолданылатын математикалық және психометриялық әдістерді пайдаланамыз. Әр пән бойынша меңгеруге тиіс білім деңгейі болуы керек. Бұған қажетті мазмұны және жас ерекшелігіне байланысты көлемі болады. Өлшеу немесе сипаттау үшін әлеуметтану мен статистика саласында кеңінен қолданылатын математикалық және психометриялық әдістерді пайдаланамыз. Осыған байланысты тұлғаның білім, білік және өмірде қолдану дағдысын көтеру және түлектің білім, тәрбие және дағды сапасын квалиметриялық бағалау мәселесі де өзекті. Бүгінгі күні дұрыс шешім қабылдап, үздіксіз білім беру жүйесінің білім беру деңгейлері бойынша білім алушы тұлғаның құзыреттілік өлшемін жаңаша модельдейтін болсақ, біз Қазақстан Республика білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленген нысаналы индикаторға қол жеткізе аламыз. Осы ретте республикамыздағы Әдістемелік орталықтар арқылы білімдар ұрпақтың бойынан табылуы керек құзыреттерді жан-жақты сипаттап беруге арналып жүргізілген сауалнаманы зерттеу материалы ретінде қолдандық. Оларға арнайы «Нәтижелер мен талқылау» бөлімінде тоқталамыз.

Мақалада қойылған міндеттерді шешу үшін отандық және шетелдік педагогикалық, психологиялық және философиялық әдебиеттерді зерделеу негізінде зерттеу мәселесін теориялық талдау; зерттелетін проблеманың базалық ұғымдарын айқындау мақсатында ақпараттық-іздістіру жүйелеріндегі іздеу нәтижелерін *талдау* және *жинақтау*;

ұғымдық-терминологиялық талдау әдісі; жалтылау, модельдеу, графикалық интерпретация әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі заманғы оқушы жоғары дәрежедегі құзыретке ие болып, өз бетімен өмір сүре алуы және кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан дайын болуы керек. Осыған байланысты біз 2021 жылғы мамыр айында Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен 14 облыстың Әдістемелік орталықтары (кабинеттері) арқылы педагогтерге тұлғаның сипатына қатысты сауалнама жүргізген едік. Аталған жұмыс бойынша Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жақсарту және білім сапасын арттыру үшін әр деңгейді аяқтаған түлектің нақтыланған тұлғалық сапасы мен оларды бағалау критерийлерін төмендегідей кестеде көрсетеміз.



Сурет 1

Осы кестеде көрсетілгендей, орта мектеп педагогикалық жүйесіндегі тұлға дамуының үшбұрышын талдар болсақ, алдымен, білім беру жүйесіне қоғамдық тапсырыстың мақсатына мән берген дұрыс. Осы қоғамдық мақсаттың орындалуы мінсіз болуы үшін сабақ дайындығының кезеңдеріндегі мақсат пен пәндерді оқыту мақсаты нәтижелі болуы керек. Бұл үрдістің нәтижелі болуы үшін тұлға дамуы бақыланады. Бақылау түрлеріне: меңгеруді *лездік бақылау*, дайындықты *ағымдық бақылау* және білім беру қызметін *ағымдық бақылау* жатады. Кәсіби бағытталған жалпы білімнің қалыптасу кезеңдеріндегі оқу жоспарының орындалуы арқылы оқу пәндерінің мазмұны мен меңгеру сапасы, қызмет түрлері, қарым-

қатынас формалары мен сипаты мінсіз жүзеге асырылуы негізінде мектеп оқушысының тұлғалық моделін қалыптастыруға болады.

Зерттеу барысында жоғарыда аталған сауалнама қорытындысы бойынша **білімдар ұрнақтың** бойынан мына **құзыреттіліктер (Қ)** табылуы керек деген қорытындыға келдік:

Қ1 – коммуникативтік құзыретінің болуы. Коммуникативтік құзыреттіліктерді грамматикалық құзыреттілік; оқырмандық құзыреттілік; стратегиялық құзыреттілік; мәдени-танымдық құзыреттілік құрайды.

Грамматикалық құзыреттілік – лингвистикалық ережелерді білу, оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып, оқулықта берілген грамматикалық ережелерді есте сақтату, талдату.

Оқырмандық құзыреттілік – көркем әдебиетті, ұсынылған мәтіндерді толық мәнінде түсіне алатын, көркем әдебиетке, оқуға танымдық қызығушылықпен қарайтын, шығармаларды өз бетімен талдап, баға бере алатын, қазіргі заман оқырманын қалыптастыруды көздейді.

Стратегиялық құзыреттілік – әңгімелесуші адаммен байланыс ережелерін білу және қолдану. Бұл – диалог құру және оны жалғастыру шеберліктері.

Мәдени-танымдық құзыреттілік – тілді сақтап жеткізуші, қолданушы халықтың төл мәдениетін білу.

Қ2 – функционалдық сауатты болуы. Білім алушы өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде оқушы мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алып, сол ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті қабілеттер қалыптасады.

Қ3 – сыни ойлау дағдысының болуы. 1. *Ұтқырлық:* ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу, сұрақ қоя білу; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу. 2. *Сыңаржақтылықтың болмауы:* болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу. 3. *Пайым:* дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау. 4. *Тәртіп:* тиянақты, нақты және жан-жақты болу. 5. *Өзіндік сана-сезім:* оқушы өзінің эмоциясы мен көзқарасын, сенімі мен болжамдарының субъективті екенін сезіну. Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне

сенімсіздікпен қарай отырып, өзіндік пікірін білдіреді. Мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады.

Қ4 – психологиялық тұрақтылық құзыретінің болуы. Білім алушы өзін-өзі басқаруы немесе эмоционалды реттеуі, өзін-өзі ынталандыру қабілетінің, эмоционалды сананың болуы, толеранттылық, күйзелісті басқару және психологиялық төзімділік, психикалық икемділік пен жоспарлау қабілетінің болуы және болашақты болжай білуі мен шешім қабылдай білуі керек.

Қ5 – экологиялық құзыретінің болуы. Экологиялық құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның «адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі экологиялық біліміне, дағдыларына, сенімдеріне, уәждеріне, құндылықтар идеяларына сәйкес келетін экологиялық маңызды жеке қасиеттері мен экологиялық қызметтің практикалық тәжірибесін анықтайтын интегративті сапасы [9]. Экологиялық құзыреттің негізгі көрсеткіштері:

- экологиялық білім мен дағдының болуы;
- табиғатты қорғау дағдысының болуы;
- өз бетінше экологиялық мәселені анықтай білуі;
- экологиялық жобаларға қатысып, шешім шығара білуі керек.

Қ6 – өз бетімен жұмыс істей білуі. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – берілген жұмысты орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

- өз бетінше істелетін кез келген жұмыстың нақты мақсаты болуы керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білуі керек.
- өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
- жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс, яғни оның ынтасы жұмыстың соңына дейін бәсеңдемейтіндей болуы керек.
- өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қ7 – зерттеушілік дағдысының болуы. Білім алушының адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын, өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілеті – зерттеушілікке үйретудің негізгі мақсаты. Оқушының зерттеушілік әрекетінде:

- оқушыларды өз бетінше әрекет етуге үйрету;
- баланың ұсынысына көңіл аудару;
- талқылау кезінде баға беруге асықпау;
- өз пікірін қорықпай жеткізуге дағдыландыру;
- оқушыны өз идеяларын ұсынуға, қате пікірінен бас тартуға және шыдамдылық танытуға үйрету сияқты ережелер сақталуы керек.

Қ8 – салауатты өмір салтын ұстануы. Оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты – тұлғаның психологиялық, дене қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының қағидалары мен жеке бас тазалығын жете түсіндіру. Оқушылардың мінез-құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени гигиеналық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру керек. Мектептерде салауатты өмір салтын қалыптастыру:

- оқушылардың денсаулығын нығайту;
- гигиеналық сауаттылықты арттыру;
- денсаулықты сақтау әдістері мен қағидаларын қалыптастыру;
- салауатты өмір салтының негіздері мен түрлерін танып білу;
- психопрофилактика және психогигиенаның әдістерін қолдану;
- өз денсаулығын сақтауға жауапкершілікті арттыру;
- оқушылардың дене қимылдары белсенділігін күшейту;
- түрлі жұқпалы және тәндік созылмалы аурулардың пайда болуынан сақтандыру;
- темекі тартуға, алкоголь, есірткі заттарды пайдалануға жиіркенішпен қарауға үйрету секілді мүмкіндіктерді тудырады.

Орта білімді аяқтаған білім алушының моделінде оқытылатын пәндердің саны мен сапасы да маңызды орын алады, себебі орта білімді аяқтаған білім алушының құзыреттіліктері оқытылатын пән мазмұны арқылы да қалыптасады. Мәселен, география, биология пәндерін оқып үйрену арқылы түлектің экологиялық сауаттылық құзыреттілігі қалыптасып дамиды. Ал тілдерді үйреніп, тіл ұстарту арқылы белсенділік дағдысы қалыптасып, сыни ойлау мен зерттеушілік қабілеттері жақсарады да, түлектің зияткерлік сапасы артады. Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, құқық негіздері пәндерінің мазмұнын меңгерту негізінде түлектің қоғамдағы жағдайларға өзіндік көзқарасы қалыптасады. Бұл да жалпы орта мектеп түлегі моделінің бір құзыреттілігі болып табылады. Осындай құзыреттіліктерді өлшеп, бағалап, оның көрсеткіштерін түлектің алғашқы кіріс формасында тіркей отырып, тұлға дамуының қазіргі күйі анықталады. 1–11 сыныптар арасында оқытылған пәндер мен ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралар арқылы тұлғаның мінсіз дамуына, яғни қоғамдық тапсырыстың орындалуына қол жеткіземіз.

Қорытынды

Ақпараттық технология дамыған қазіргі заманда әрбір түлектің білімі туралы деректер Kundelik.kz, Ұлттық білім беру деректер қорының (ҰББДҚ), оқушының үлгерім табелі т.б. құжаттардан табылады. Яғни деректер жинақталған форма бар, ал оқушының тәрбиесі мен алған білімін өмірде

қолдана алу дағдылары жайында деректер жинақталған форма немесе дереккөз жоқтың қасы. Тұлғаның өмірге, заман талабына сай дамығанын сипаттайтын, қажет болса, бағалайтын өлшемшарттар да анықталмаған. Қазіргі заманда оқушының, оған білім беретін ұстаздың білімі мен білігін, оны қолдана білу дағдыларын бағалау аса қажет. «Тәрбие мен білім егіз» деп айта жүріп, осы күнге дейін тәрбиені бағалауды қолға алмағанымыз, аса ден қоймағанымыз рас. 12 жылдық білім беру жүйесіне ену үшін, ең алдымен, осы мәселені кенінен зерттеп, дұрыс ұйымдастыруымыз керек. Түлектің кіріс кестесі мен шығыс кестесі көрсеткіштерін нақты жинақтайтын форманы соған сәйкес ақпараттық дереккөзді, ұстаздың оқушы тәртібін бақылайтын және бағалайтын жұмыс алгоритмі нақты жазылып, ұсыныстар мен құжат түрлері белгіленіп берілуі керек. Аталған жұмыс түрін ауқымды да, терең зерттеу қажет болғандықтан, нақты қаржылай қамтамасыз етуді талап етеді. Сондықтан алдағы жоспарымызда бұл мәселенің әлемдік білім беру жүйесінде, халықаралық зерттеулерде қалай зерделенгенін қарастыра отырып, өз білім беру саламызда тәрбиені бағалау және бала тәрбиесінің ізгіленуі көрсеткіштері жинақталған форманы қалыптастыруды мақсат етеміз.

Осыған байланысты тұлғаның білім, білік және өмірде қолдану дағдысын көтеру және түлектің білім, тәрбие және дағды сапасын квалиметриялық бағалау мәселесі де өзекті. Бүгінгі күні дұрыс шешім қабылдап, үздіксіз білім беру жүйесінің білім беру деңгейлері бойынша білім алушы тұлғаның құзыреттілік өлшемін жаңаша модельдейтін болсақ, біз Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленген нысаналы индикаторға қол жеткізе аламыз [10]. Осы ретте Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жақсарту және білім сапасын арттыру үшін әр деңгейді аяқтаған түлектің тұлғалық сапаларын және бағалау критерийлері нақты анықталуы керек. Сондықтан:

- білім алушы тұлғаның психометриялық келбеті;
- білім алушылардың тұлғалық сапалары және бағалау критерийлері тақырыптарында педагогикалық квалиметрия орталығының жұмысы жалғасады. Сондықтан да зерттеу жүргізілген құзыреттілік моделін қалыптастырып дамыту бойынша ғалымдар мен педагогтерден ұсыныстар мен пікір күтеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Селевко, Г. К. Педагогические компетенции и компетентность // Сельская школа: рос. пед. журн. – 2004. – № 3. – С. 29–32.

2 Мирошниченко, А. А. Этапы квалиметрической подготовки будущих педагогов / А. А. Мирошниченко // Инновационные технологии обучения

физико-математическим и профессионально-техническим дисциплинам. Материалы IX Международной научно-практической интернет-конференции. – Мозырь, 2017. – С. 232–233.

3 **Коробейникова, Е. В.** Квалиметрическая подготовка будущих учителей: дис.канд. пед. наук. – Челябинск, 2007. – 173 с.

4 **Мальцев, А. В.** Формирование квалиметрической компетентности педагогических работников // Известия Уральского государственного университета. – 2009. – № 4 (68). – С. 7–16.

5 **Примеров, Д. А.** Формирование оценочной компетенции студентов педагогического вуза: дис.канд. пед. наук. – Челябинск, 2012. – 193 с.

6 **Фомина, Н. Б.** Формирование квалиметрической компетентности руководителя общеобразовательного учреждения в системе повышения квалификации: дис.канд. пед. наук. – Ижевск, 2010. – 195 с.

7 **Кожевникова, Э. Э.** Формирование квалиметрической компетентности руководителя общеобразовательного учреждения в системе повышения квалификации: дис.канд. пед. наук. – Ижевск, 2010. – 195 с.

8 **Юшкова, В. В.** Формирование квалиметрической компетенции будущих бакалавров технологического образования: дис. канд. пед. наук. – Ижевск, 2012. – 210 с.

9 **Байжұманова, Н. С.** Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2009 жыл // <https://articlekz.com/>

10 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл // <https://adilet.zan.kz/>

REFERENCES

1 **Selevko, G. K.** Pedagogicheskie kompetensii i kompetentnost //Selskaya shkola: ros. ped. jurn. [Pedagogical competencies and competence //Rural school: Russian pedagogical journal] – 2004. – № 3. – P. 29–32.

2 **Miroshnichenko, A. A.** Etapy kvalimetricheskoi podgotovki budushih pedagogov / A. A. Miroshnichenko // Innovasionnye tehnologii obuchenia fiziko-matematicheskim i professionalno-tehnicheskim disiplinam. Materialy IX Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi internet-konferensii. [Stages of qualimetric training of future teachers / A. A. Miroshnichenko // Innovative technologies for teaching physical and mathematical and vocational disciplines. Materials of the IX International Scientific and Practical Internet Conference] – Mozyr, 2017. – P. 232–233.

3 **Korobeinikova, E. V.** Kvalimetricheskaia podgotovka budushih uchitelei: dis. kand. ped. nauk. [Qualimetric training of future teachers: dis. candidate of pedagogical Sciences.] – Chelyabinsk, 2007. – 173 p.

4 **Malsev, A. V.** Formirovanie kvalimetricheskoi kompetentnosti pedagogicheskikh rabotnikov // Izvestia Uralskogo gosudarstvennogo universiteta [Formation of qualimetric competence of teaching staff // Bulletin of the Ural State University] – 2009. – № 4 (68). – P. 7–16.

5 Primerov, D.A. Formirovanie otsenочноi kompetensii studentov pedagogicheskogo vuza: dis.kand. ped. nauk. [Formation of the evaluation competence of students of a pedagogical university: dis. candidate of pedagogical Sciences] – Chelyabinsk, 2012. – 193 p.

6 **Fomina, N. B.** Formirovanie kvalimetricheskoi kompetentnosti rukovoditela obshchобразователного uchrejdenia v sisteme povyshenia kvalifikatsii: dis.kand. ped. nauk. [Formation of the qualimetric competence of the head of a general education institution in the system of advanced training: dis. candidate of pedagogical Sciences] – Izhevsk, 2010. – 195 p.

7 **Kozhevnikova, E. E.** Razvitie otsenочноi kompetentnosti uchitela pri povyshenii kvalifikatsii kak faktor sohraneniya zdorova shkolnikov: dis.kand. ped. nauk. [Formation of the qualimetric competence of the head of a general education institution in the system of advanced training: dis. candidate of pedagogical sciences.] – Novokuznetsk, 2012. – 239 p.

8 **Yushkova, V. V.** Formirovanie kvalimetricheskoi kompetensii budushih bakalavrov tehnologicheskogo obrazovaniya: dis. kand. ped. nauk. [Formation of the qualimetric competence of future bachelors of technological education: dis. candidate of pedagogical Sciences.] – Izhevsk, 2012. – 210 p.

9 **Baijūmanova, N. S.** Kāsibi qūzyrettılıkterdi qalyptastyru erekşelikteri // Qarağandy universitetiniñ habarşysy. [Features of the formation of professional competencies // Bulletin of Karaganda University] – 2009 // <https://articlekz.com/>

10 Kazakhstan Respublikasynda bilim berudi jane gylymdy damytudyn 2016-2019 jyldarga arналған мемлекettik bagdarlamasy. [The state program of development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2016-2019] – Astana, 2016 // <https://adilet.zan.kz/>

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

*Б. Б. Динаева¹, Г. Ж. Убайдуллаева², И. У. Сагиндиков³

¹Astana IT University,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

^{2,3}Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ КОМПЕТЕНТНОСТНОЙ МОДЕЛИ «БІЛІМДАР ҰРПАҚ»

В научной статье детально рассматриваются подходы к развитию компетентностной модели современного образования. Четко определяются компетенции, необходимые для совершенствования системы образования. Авторы подчеркивают необходимость оценки результата усвоения знаний и уточняют, следует ли возвращаться к содержанию образования или деятельности учителя, если результат не является удовлетворительным. В статье на основании результатов анкетирования по определению качества личности, проведенных в Методических центрах Республики, подробно описываются те компетенции, которые необходимо найти у поколения, мотивированного к образованию. Для того, чтобы обучающиеся развивали свои знания, умения, навыки и обладали необходимыми компетенциями было выявлено, с помощью какого предмета, содержания, и деятельности формируется каждая компетентность и навык личности. Для повышения качества образования авторы статьи проанализировали детализированные личностные качества и критерии оценивания выпускника начальной школы и средней школы. В научной статье авторы с целью улучшения качества современного образования анализируют критерии оценки уточненных личностных качеств и знаний выпускника, окончившего среднюю школу. Посвящение исследовательской работы проблемам педагогической квалитетрии в Казахстане обуславливает ее научную значимость, практическую значимость для определения критериев оценки компетентностной модели выпускника средней школы.

Ключевые слова: білімдар ұрпақ (поколение, мотивированное к образованию); личность, компетентность, компетентностная модель, содержание образования, качество образования, оценка, социальный заказ, модель начальной школы, модель средней школы.

*B. B. Dinayeva¹, G. Zh. Ubaydullayeva², I. U. Sagindikov³

¹Astana IT University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

^{2,3}Y. Altynsarin National Academy of Education,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 14.09.22.

APPROACHES TO THE DEVELOPMENT OF THE COMPETENCE MODEL OF BILIMDAR URPAK

In this scientific article considers in depth the approaches to the development of the competence model of modern bilimdar urpak. The competencies necessary for improving the education system are given clearly. The authors emphasize the need to evaluate the result of learning knowledge and specify whether to return to the content of education or to the activity of a teacher if the result is not satisfactory. Based on the results of a questionnaire conducted by methodological centers of the Republic, the competencies need to be found in a generation motivated to education. are described in detail. In order to develop students knowledge, skills, abilities and the necessary competencies the subject, content, activity that forms each competence or skill were determined. In order to improve the quality of education the authors analysed the personal qualities and evaluation criteria of a graduate of primary school and secondary school. In order to improve the quality of modern education the authors analyze the criteria for assessing the specified personal qualities and knowledge of a secondary school graduate. Dedication of research work to the problems of pedagogical qualimetry in Kazakhstan determines its scientific significance, practical significance for determining the criteria for assessing the competence model of a secondary school graduate.

Keywords: bilimdar urpak (generation motivated to education); personality, competence, competence model, content of education, quality of education, assessment, social order, model of primary school, model of secondary school.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Mb RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Mb RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz